

Жобаның жарғысы

Жобаның атауы	Жаяу жүргіншілер өткелдеріне лазерлік жүйені орнату
Бастамашы	Мазан Аяулым
Бастаманы негіздеу	<ul style="list-style-type: none"> - Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Семей қаласында жаяу жүргінші мен көлік жүргізушілерінің арасында 22 жол-көлік апаты тіркеліп, 4 адам қаза тауып, 22 адам зардап шеккен. Ал биылғы жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейін жаяу жүргінші мен көлік жүргізушілері арасында 32 оқиға тіркеліп, 33 адам түрлі дене жарақаттарын алып, 3 адам көз жұмған. Және бұл апаттар белгілі бір жаяу жүргінші жолында бірнеше мәрте қайталанып, жарықтандырылмаған қала жолдарында орын алып отырған. - Осы мәселеге байланысты бұл жобаның мақсаты апат көп қайталанып тұратын және адамдар көп шоғырланатын, сонымен қатар қауіп деңгейі жоғары мектептер жанындағы жаяу жүргінші мен көлік жүргізушілері арасындағы жол көлігі апаты санын азайту үшін қауіпті 4 нүктелерге (Абай көшесі, К. Бозтаева көшесі, Қабанбай батыр көшесі, Глинки көшесі) лазерлік жобалау жүйесін орнату; - Жаяу жүргінші жолы жаңа инфрокұрлымға сәйкестелген лазерлік жобалау жүйелері жаяу жүргіншілер өткелі аймағында жолдың екі жағына да орнатылады. Автокөліктердің қозғалысына тыйым салынған сигнал бағдарламда жанғаннан кейін лазерлік жүйе іске қосылып, жол бойында қызыл белгілер бейнесі пайда болады. Кескін жүргізушінің назарын аударып, көліктер мен жаяу жүргіншілер арасында өзіндік тосқауыл жасайды. Сонымен қатар, мұндай лазерлік жүйе бұзушылықты анықтау датчигі ретінде де жұмыс істей алады, ол бұзушылық фактісі мен автомобиль нөмірін тіркейтін камераны іске қосады.
Бағдарламалар, басқа НҚҚ байланысы	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; - Өңірлерді дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

	<ul style="list-style-type: none"> - 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы; - Қазақстан Республикасының инфрақұрылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы;
Мүдделі мемлекеттік органдар	<ul style="list-style-type: none"> - Семей қаласы әкімінің аппараты, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты; - "Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ; - Шығыс Қазақстан облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы; - «Семей қаласының білім бөлімі» ММ - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Демеуші	Облыстық бюджет
Тапсырыс беруші	«Шығыс Қазақстан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ
Тапсырыс берушінің қажеттіліктері	<ul style="list-style-type: none"> - Жолдан өту барысында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін күшейту, жаяу жүргіншілердің жол апатынан зардап шегуін/өлімін азайту
Жобаның кураторы	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
Жобаның менеджері	«Шығыс Қазақстан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ басшысы Жұмаділов Нұржан Сайлаубекұлы
Жобаның басталуы	04.06.2021 жыл
Жобаның аяқталуы	04.06.2022 жыл
Дайындаған	Әділбеков А., Мазан А., Ержанова Ж., Кунанбаев Т.
Жобаның миссиясы	<ul style="list-style-type: none"> - Жаяу жүрушілердің қауіпсіздігі
Жобаның мақсаты	Семей қаласында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін күшейтуге орай, «Ақылды жаяу жүргінші» жолын 2022 жылдың 4 маусымына дейін қолданысқа енгізу
Жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Қиын» аймақтарды анықтау 2. ЖСҚ жасау/бекіту 3. Серіктестердің қажеттіліктерін анықтау, келісім шарт жасау 4. БАҚ ақпараттандыру 5. Лазерлік құрылғыларды орналастыру, тестілеу 6. Лазерлік құрылғы жүйесінің қызмет жасауын бақылау, кері байланыс алу

Жобаның негізгі кезеңдері	<ul style="list-style-type: none"> - Лазерлік құралдарды орналастыру аймақтарын бекіту – 04.06.2021 – 10.06.2021 жыл; - Мүдделі тараптармен кездесу, құжаттармен таныстыру, көзқарастарын айқындау, қол қою, қаражат бөлінуі, қажетті жабдықтарды сатып алу, оларды орналастыру) – 10.06.2021 – 07.06.2022 жыл; - Тестілеу құжаттарына қол қою – 08.06.2022 жыл; - Лазерлік жүйенің орналасқан аймақтарды қабылдау – 10.06.2022 жыл;
Жобаның сәттілігін бағалаудың мақсаттары мен өлшемдері	<p>Жоба барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қаражаттың уақытында бөлінуі; - Құрал-жабдықтардың талапқа сай құрылуы; - Құралдарды орнату барысында дұрыс жұмыс жасауы; <p>Жобадан кейінгі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қойылған аймақтарда Жол апаттарының төмендеуі/жоқ болуы
Жобаның өнімі	<ul style="list-style-type: none"> - Жолдан өтудегі лазерлік құрал жүйесі
Жобаның мүдделі тараптары	<ul style="list-style-type: none"> - Семей қаласы әкімінің аппараты; - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты; - "Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ; - Шығыс Қазақстан облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы; - «Семей қаласының білім бөлімі» ММ; - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; - БАҚ; - Жаяу жүргіншілер; - Оқушылар; - Оқушылардың ата-аналары; - Семей қаласының Іскер әйелдер қауымдастығының жетекшісі Айнұр Арғынбекова.
Жоба бойынша болжам: - күні бойынша; - құны бойынша;	<ul style="list-style-type: none"> - жобаның іске асуы 365 күнге созылады; - орташа құны шамамен 7,1 млн тг (құжаттарды әзірлеуге, инфрақұрылым жүргізуге, ресурстарға, еңбекақы, маркетингтік жағдайларға, құрал-жабдықтар,

	тәуекелдер).
Жобаның тәуекелдері	<ul style="list-style-type: none">- жергілікті әкімшіліктің қолдамауы;- қаражаттың бөлінбеуі;- құрылғыны қоюда тәжірибенің жоқтығы;- халықтың наразылығы.
Жобаның басымдықтары/артықшылықтары	<ul style="list-style-type: none">- Сапа- Халықтың жолдан өту қауіпсіздігін күшейтеді;- Қалада инновациялық өнімдерді ұсыну және қолдануға назар аудару;- Ең қауіпті аймақтарға орналастыру негізінде жобаның тиімділігін өсіреді;- Бір мезетте екі бірдей функцияны атқаруы (қауіпсіздік және бұзушылықты анықтау).